

## Бородулиха ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 қарашадағы № 23-2-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 желтоқсанда № 30913 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2025 жылғы 13 қаңтардағы № 29-2-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 13.01.2025 № 29-2-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ :

1. Бородулиха ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары, осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Бородулиха аудандық мәслихатының 2019 жылғы 7 маусымдағы № 38-2-VI "Бородулиха ауданының Жезкент кенті бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6003 болып тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*У. Майжанов*

Бородулиха аудандық  
мәслихатының  
2022 жылғы 28 қарашадағы  
№ 23-2-VII шешіміне  
қосымша

## Бородулиха ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілерінің түрлері	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3

1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,75 1,98
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,14
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,65
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,52
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,13
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0004
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,36
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,50
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,07
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,002
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
14.	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,68
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	1.04
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,14
17.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-

18.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,16
19.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,07
20.	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	Жалпы алаңы 1 м2	-
21.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,22
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	2.0
23.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1, 5
24.	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,31
25.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1.20
26.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,17
27.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,35
28.	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	2.0
29.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0.42
30.	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,08
31.	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-